

**2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын және ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 21 қаңтардағы № 2 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 23 қаңтарда № 8246 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Қамысты ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2019 жылға арналған Қамысты ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Қамысты ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберлуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қамысты ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қамысты ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкімдіктің  
2019 жылғы 21 қаңтардағы  
№ 2 қаулысына қосымша

**2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 01.11.2019 № 144 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының әкімшілік аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында бір айдағы тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны (теңге)	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)
			Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының саны	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының саны		
1	2	3	4	5	6	6
1	Қамысты ауданы, Қамысты ауылы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің "Айналайын" бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	140	32008	3 жасқа дейін - 7266 3 жастан бастап - 9450	
2	Қамысты ауданы, Қарабатыр ауылы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің "Ақбота" бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	45	33363	3 жасқа дейін - 6100 3 жастан бастап - 6700	
3	Қамысты ауданы, Алтынсарин ауылы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің "Қарлығаш" бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	102	35623	3 жасқа дейін - 7500 3 жастан бастап - 8000	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК